

Жіберілген кеден органдарында кепілдік міндеттемелерді тіркеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Кеден Комитеті 1996 жылғы 28 қазандағы N 218-П бұйрық. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 13 желтоқсанда N 233 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 6 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасына автомобиль көлігімен әкелінетін тауарларды жеткізуге бақылауды күшейту мақсатында бұйырамын:

1. "Жіберілген кеден органдарында кепілдік міндеттемелерді тіркеудің тәртібі" бекітілсін және (N N 1, 2, 3 қосымшалар) 1996 жылғы 1 желтоқсаннан бастап күшіне енгізілсін.

2. Кеден органдарының бастықтары осы бұйрықтың орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Баспасөз қызметі (Мұратбаева Ә.) жіберілген кеден органдарында кепілдік міндеттемелерді тіркеудің тәртібінің негізгі ережелерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға кіріссін.

4. Осы Бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Кеден комитеті Төрағасының Бірінші орынбасары В.Кирдановқа жүктелсін.

Төраға

N 1 қосымша

Жіберілген кеден органдарында кепілдік міндеттемелерді тіркеудің тәртібі 1. Жеткізілетін тауарлар алушыларды тексерудің тәртібі

1.1. Кепілдік міндеттемелерді тіркеуге ұсынбас бұрын тауарларды алушы жіберілген кеден органының тауарларды жеткізуге бақылау жасайтын бөліміне (ТЖББ) өтінішпен қайырылуы тиіс.

1.2. Өтініште алушының толық заңды атауы, БКҰЖ коды, заңды және нақты мекен-жайы; салық төлеушінің тіркеу нөмірі; банктердегі теңгелік және валюталық шоттардың нөмірлері; осы банкілердің атауы, мекен-жайлары БКҰЖ кодтары; көлік құралдарының түрлері; алушыға тасымалдаушылар алдын ала белгілі болса, тасымалдаушылардың атауы, мекен-жайлары; алушының шарт жасасқан уақытша сақтау қоймаларының немесе кеден қоймаларының (бұдан әрі - қоймалардың) иелерінің толық заңды атауы, БКҰЖ коды, лицензияларының

нөмірлері мен қолданылу мерзімдері, заңды және нақты мекен-жайы; сонымен қатар тауарларды жеткізуге бақылау үшін пайдаланылуы мүмкін өзге де мәліметтер көрсетілуі тиіс.

1.3. Өтінішке төмендегідей құжаттар:

- алушының құру және тіркеу құжаттарының көшірмелері (жарғы, құру шарты, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік ж.т.б.);
- алушыға берілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетілген, салық органы куәлендірген, салық органында алушыны есепке қою туралы анықтаманың көшірмесі;
- теңгелік және валюталық шоттардың нөмірлері туралы банктен анықтама;
- сыртқы саудалық шарттардың (келісім-шарттардың) көшірмелері;
- қойма иелерімен шарттардың көшірмелері қоса тіркеледі.

1.4. Ұсынылған құжаттардың көшірмелері алушының жетекшісінің және бас бухгалтерінің қолымен, сондай-ақ алушының мөрімен куәлендірілуі тиіс.

1.5. Алушының ұсынған құжаттарын тексеру үшін кеден органының ТЖББ-і мемлекеттік органдардан, банктардан, өзге де ұйымдардан қосымша құжаттар мен мәліметтерді сұрата алады. Алушы жөнінде мейлінше толық ақпарат жинау және осындай ақпаратты дер кезінде жаңарту мақсатында жіберілген кеден органы мемлекеттік жергілікті тіркеу органдарымен, салық қызметтерімен, салық полициясының бөлімшелерімен және ПМ-інің бөлімшелерімен тұрақты өзара жұмыстарды ұйымдастырады.

1.6. Алушының өтініші оны алған сәттен бастап бес жұмыс күнінен аспауы керек. Құжаттар мен мәліметтерді қосымша тексеру қажет болған жағдайда өтінішті қарау мерзімі кеден органының бастығының немесе оның орынбасарының шешімімен бірақ он бес күннен асырылмай ұзартылуы мүмкін.

1.7. Ұсынылған құжаттар тексерілген соң кеден органдарының ТЖББ-і қайырылған алушыны есепке қояды. Есепке қою алушыларды есепке қою журналында (бұдан әрі - есеп журналы) жүргізіледі, есеп журналы Кеден комитетінің 1996 жылғы 28 қазандағы N 218 бұйрығының N 2 қосымшасына сәйкес нысанда жүргізіледі.

Керек кезінде әр алушыға осы алушы туралы қажетті деректері бар барлық құжаттарды сақтау үшін жеке іс-қағаздары жүргізіледі. Олардың есеп журналы бойынша алушылардың нөмірлері болуы тиіс және олар нөмірлер бойынша ТЖББ - де сақталуы тиіс.

1.8. Жіберілген кеден органы алушы өзінің берген кепілдік міндеттемесін орындай алмайды деуге негіз бар болатын жағдайда, атап айтқанда:

- егер есепке қою туралы өтінішпен мұның алдындағы кепілдік міндеттемесін орындамаған алушы қайырылса (2.5.-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда);

- құжаттарды тексеру сәтінде алушының төлеуге қабілетсіздігі анықталса, кепілдік міндеттемелерді тіркемейді.

1.9. Осы тарауға сәйкес жеткізілетін тауарларды алушыларды тексеруге кеден органының кеден төлемдері, бухгалтерлік есеп пен бақылау бөлімдері, экспорт-импорт операцияларына бақылау жасау бөлімдері, контрабанда мен кеден ережелерінің бұзылуына қарсы күрес бөлімдері мен өзге де бөлімшелері кеден органы бастығының тауарларды жеткізу мәселелерімен айналысатын орынбасарының жазбаша тапсыруымен тартылады.

2. Жеткізілетін тауарларды алушылардың кепілдік міндеттемелерін тіркеудің тәртібі

2.1. Кепілдік міндеттемелер алушының кепілдік міндеттемелерін тіркеу журналында Кеден комитетінің 1996 жылғы 28 қазандағы N 218-П бұйрығының N 3 қосымшасына сәйкес нысанда тіркеледі.

2.2. Кепілдік міндеттемені тіркеу кезінде оған төмендегі құрылымдағы:
- 7777/000/11223/9999, мұнда есеп журналы бойынша алушының нөмірі 7777, 000 - Кеден органдарын жіктеушіге сәйкес жіберілген кеден органының цифрлық кодының алғашқы үш таңбасы, 11 және 22 - тіркеудің тиісінше күні мен айы, 3 - үстіміздегі жылдың соңғы цифры, 9999 - тіркеу журналы бойынша кепілдік міндеттемесінің реттік нөмірі секілді тіркеу нөмірі беріледі.

2.3. Тіркеу журналындағы барлық мәліметтерді ТЖББ бастығы немесе оның орынбасары тиісті бағандарда қолымен және жеке нөмірлік мөрімен куәлендіреді.

2.4. Алушылардың кепілдік міндеттемелерін тіркеу тек қана жіберілген кеден органдарында және тек ТЖББ-де ғана жүргізіледі. Алушылардың кепілдік міндеттемелерін өзге жерлерде тіркеуге жол берілмейді.

ТЖББ кеден органдары алдындағы міндеттемелерін орындамаған алушылардың реестрін жүргізеді.

2.5. Пайдаланылмаған кепілдік міндеттемелер кепілдік міндеттеменің оң жақ бетінде және тіркеу журналының тиісті бағанында "ҚАЙТАРЫЛДЫ" жазуды жазу жолымен өтеледі. Жазуды ТЖББ лауазымды адамы жазады және осы адамның қолымен және жеке нөмірлік мөрімен куәлендіріледі.

Пайдаланылмаған кепілдік міндеттемелер осындай міндеттемелердің екінші даналарымен бірге сақталады.

2.6. Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің қалыпты актілерімен алушының кепілдік міндеттемені ұсынуы көзделген жағдайда тауарларды кеден

бақылауымен жеткізу ережелеріне сәйкес тауарларды тасымалдауға тек жөнелтуші кеден органына алушының осы Тәртіпке сәйкес жіберілген кеден органында тіркелген кепілдік міндеттемені ұсынатын кезінде ғана жол беріледі.

N 2 қосымша

**Жіберілген кеден органының
тауарларды алушыларды
есепке қою журналы**

N	БҚҰЖ атауы,	Алушы	Алушының	Қосымша	Алушыны	ТЖББ
p/p	коды,	туралы	есепке қою	тексеру	есепке	басты.
	мекен-жайы,	өзге	жөніндегі	кезінде	қою күні	ғының
	банктегі	мәлі.	өтінішінің	алынған	(бас	қолы,
	шоттарының	меттер	күні мен N,	деректер,	тарту	жеке
	нөмірлері,		өтінішке	қосымша	туралы	нөмір-к
	салық		тіркелген	құжаттар мен	белгі)	мөрі
	төлеушінің		құжаттардың	мәліметтер		
	теңдестіру		тізбесі	(қосымша		
	нөмірі,			тексеру		
	алушының			жүргізілген		
	телефон,			жоқ)		
	телекс, факс	N				

N 3 қосымша

**Алушылардың кепілдік міндеттемелерін
тіркеу журналы**

N	Алушының	Алушыны	Осы кепілдік
p/r	атауы, есеп	қамтамасыз етудің	міндеттеме бойынша
	журналындағы оның	есептесу сомасы	ұсынылатын кеден
	нөмірі		төлемдерінің сомасы

1 | 2 | 3 | 4

Кепілдік міндетте. | Кепілдік міндеттемені | ТЖББ бастығының

рінің тіркеу нөмі. | орындау туралы белгі | қолы, жеке нөмірлік
рі | (өтеу туралы белгі) | мөрі

5		6		7
---	--	---	--	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК